

**"Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 540 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 желтоқсанда № 18105 болып тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17320 болып тіркелген, 2018 жылғы 6 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Инвестициялық саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары –

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

Ө. Шөкеев

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан
Ақпарат және
министрлігі

Республикасының Қазақстан
коммуникациялар Инвестициялар
министрлігі

" К Е Л І С І Л Д І "

Республикасының
және даму

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан
Қаржы министрлігі

Республикасының Қазақстан
Ұлттық экономика министрлігі

" К Е Л І С І Л Д І "

Республикасының

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2018 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 540 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
міндетін атқарушының
2018 жылғы 23 шілдедегі
№ 317 бұйрығымен
бекітілген

Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – АӨК-ні және ауылдық аумақтарды дамыту туралы заң) 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, сондай-ақ "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2)

тармақшасына сәйкес әзірленді және инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен (бұдан әрі – АӨК) субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялаудың негізгі мақсаты капиталды көп қажет етуді төмендету және салынған инвестициялардың өзін-өзі ақтауын арттыру жолымен АӨК-нің басым бағыттарында (секторларында) инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру болып табылады.

Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен айқындамалар пайдаланылады:

1) АӨК-дегі инвестициялық жоба (бұдан әрі – инвестициялық жоба) – жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге инвестициялар салуды көздейтін іс-шаралар кешені;

2) АӨК-дегі инвестор (бұдан әрі – инвестор) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестициялық салымдарды жүзеге асыратын АӨК субъектісі;

3) арнайы шот – осы Қағидалардың 6-тарауының шарттарына сәйкес инвестициялық субсидиялардың сомалары аударылатын қаржы институтының екінші деңгейдегі банктегі шоты;

4) бос бюджет – тиісті жылға арналған облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдіктерінің бюджеттерінде көзделген, инвестор өтінім берген сәтке міндеттемелерден бос бюджеттік қаражаттар;

5) бюджеттік бағдарламаның әкімшісі (бұдан әрі – әкімші) – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;

6) жеке шот – тізілімде қамтылған, субсидиялауға арналған өтінімдерді тіркеу және олар бойынша операцияларды есепке алу мақсатында тіркелген тұлғаны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жазбалар жиынтығы;

7) жобаның паспорты – осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларда көрсетілген инвестициялық субсидиялауға жататын құрылыс-монтаждау жұмыстары, техника, жабдық және басқа негізгі құралдар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер түріндегі инвестициялық салымдар тізбесі және оларды өтеу үлесі;

8) жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттылықтарды кеңейту – жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттылықтарды жетіспейтін немесе қажетті жабдықпен (техникамен) жарақтандыруды немесе өндірістік қуаттылықтарды ұлғайтуды және өндіріс көлемін ұлғайтуға және (немесе) өндірілетін өнімнің өзіндік құнын төмендетуге және (немесе) өндірілетін өнімнің сапасын арттыруға, оның орамасын өзгертуге және (немесе) ассортиментін кеңейтуге бағытталған өзге де іс-қимылдарды көздейтін іс-шаралар, сондай-ақ, мақсаты нарықта жаңа тауарлық тауашаға орнығу, өткізу нарықтарын кеңейту және басқалар болып табылатын басқа да іс-шаралар;

9) инвестициялық салымдар – осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес жобалар паспорттарында көрсетілген жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға және (немесе) жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге, жаңа, бұрын пайдаланылмаған техника мен жабдықты сатып алуға бағытталған шығындар;

10) инвестициялық субсидиялау – инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу;

11) инвестициялық субсидиялау мәселелері жөніндегі комиссияның жұмыс органы (бұдан әрі – жұмыс органы) – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ауыл шаруашылығы саласындағы жергілікті атқарушы органы;

12) инвестициялық субсидиялау шарты – жұмыс органы мен инвестор арасында жасалатын, инвестициялық субсидиялар қаражатын аударудың тәртібі мен шарттарын, мониторинг барысын, тараптардың жауапкершілігін және өзге де шарттарды көздейтін жазбаша келісім;

13) көрсетілетін қызметтерді жеткізуші – субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжеткізуді және оны сүйемелдеуді қамтамасыз ететін, мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес жұмыс органы айқындайтын тұлға;

14) қаржы институттары – екінші деңгейдегі банктер, банктік операцияларды жүзеге асыру құқығына тиісті лицензиясы бар микроқаржылық ұйымдар, кредиттік ұйымдар, лизингтік компаниялар, кредиттік серіктестіктер;

15) өндірістік кешен – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге, өңдеуге, сақтауға, буып-түюге бағытталған өзара байланысты өндірістік қуаттылықтар (ғимараттар, құрылысжайлар, монтаждалатын жабдық, инженерлік желілер және басқалары) жиынтығы;

16) өтінім – осы Қағидаларға 3, 4, 5, 6-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша инвесторлардың инвестициялық салымдар кезінде инвестициялық субсидиялар алуға арналған электрондық өтінімі;

17) сараптамалық ұйым – "Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заң) 34-4-бабының 5-тармағына сәйкес ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау жөніндегі сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын, аккредиттелген заңды тұлға;

18) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі – субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтерді көрсетуге арналған, субсидиялар алуға арналған өтінімді тіркеуге, сондай-ақ өтінімді субсидиялау шарттарына сәйкестігіне автоматты тексеру арқылы оны өңдеуге мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персонал мен техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып, ретке келтірілген жиынтығы;

19) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – Интернет желісінде орналастырылған, ақпараттық субсидиялау жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

20) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар, қаржы институттары туралы мәліметтер жиынтығы және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

21) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиістілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық символдар жинағы.

3. Құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған шығындарды субсидиялау жобаның бизнес-жоспарына сәйкес өндіргіштігі және/немесе өнімділігі және/немесе өнімді өткізу көлемдері және/немесе өндірістік қуаттылықтар жүктемесі бойынша көрсеткіштерге қол жеткізуді көздейтін инвестициялық жобалар бойынша жүзеге асырылады.

4. Жұмыс органы жыл сайын тиісті жылғы 1 ақпанға дейін мынадай ұйымдастырушылық іс-шараларды аяқтауы тиіс:

1) конкурстық негізде сараптамалық ұйымды таңдайды және төлем сомасын көрсете отырып, сараптамалық ұйымның қызметтер көрсету тәртібін, шарттарын, сондай-ақ тараптардың жауапкершілігін және өзге де шарттарды көздейтін, сараптамалық ұйымның инвестициялық субсидиялау бойынша қызметтер көрсетуі жөніндегі шартты (бұдан әрі – қызметтер көрсету жөніндегі шарт) жасасады.

Қызметтер көрсету жөніндегі шартта міндетті түрде оған тараптар қол қоятын және олардың мөрлерімен (бар болса) бекемделетін қабылдау-беру актісін жасай отырып, қызметтер көрсетумен байланысты барлық құжаттар мен есептілікті жұмыс органына беру бойынша сараптамалық ұйымның міндеттері туралы талап көрсетіледі.

Сараптамалық ұйымның көрсетілетін қызметтерінің құны заңнамада белгіленген тәртіппен айқындалады. Сараптамалық ұйымның көрсетілетін қызметтері инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялауға тиісті қаржы жылына көзделген қаражат шегінде төленеді

Сараптамалық ұйым № 5, № 7, № 8, № 10, № 11, № 12, № 16, № 20, № 21, № 22, № 23, № 26, № 29, № 30, № 31, № 32, № 33, № 34, № 36, № 37, № 38 жобалардың паспорттары бойынша объектіні қарап тексеруді, инвестордың іс жүзіндегі шығындарының жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкестігін (материалдардың сапасын, санын және олардың құнын), осы Қағидалардың 16-тармағына сәйкес өндірістік қуаттылықтар жүктемесіне қол жеткізуді тексеруді жүргізеді, субсидиялар есептемесін жүргізеді;

2) жұмыс органы, жергілікті атқарушы органдар мамандарының және қоғамдық және үкіметтік емес салалық ұйымдардың өкілдері болып табылатын басқа ұйымдардың қатарынан мамандар тобын (бұдан әрі – мамандар тобы) құрады және субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркейді, бұл ретте олардың саны мамандар тобының жалпы құрамының жартысынан кем болмауы тиіс.

Мамандар тобы № 2, № 3, № 4, № 6, № 9, № 13, № 14, № 15, № 17, № 18, № 19, № 24, № 25, № 27, № 28, № 35, № 39 жобалардың паспорттары бойынша құжаттарды тексеруді, инвестордың объектісін, сатып алынған жабдығын жобалардың паспорттарында көзделген шарттарға сәйкестігіне қарап тексеруді жүзеге асырады, бұдан басқа, осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес өндірістік қуаттылықтар жүктемесіне қол жеткізуді тексереді, субсидиялар есептемесін жүргізеді.

Әрбір объектіге жұмыс органы айқындайтын кемінде 2 (екі) маман жіберіледі.

Қарап тексеру инвестордың немесе оның сенім білдірген адамының қатысуымен жүзеге асырылады және оның нәтижесі осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестордың объектісін қарап тексеру және өндірістік қуаттылықтардың жүктемелеріне жеткендігіне көз жеткізу актісімен (бұдан әрі - қарап тексеру актісі) ресімделеді.

Бұл ретте, егер инвестициялық жобамен техниканы сатып алу ғана көзделсе, онда мамандар тобының инвестордың объектісін қарап тексеруі талап етілмейді.

5. Инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады.

6. Инвестициялық субсидиялау АӨК-ні және ауылдық аумақтарды дамыту туралы заңның 6-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген Ауыл шаруашылығы өнімінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы алқаптарын оңтайлы пайдалану бойынша өңірлерді мамандандырудың ұсынылатын схемасына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Олар бойынша инвестициялық субсидиялау сомасы 500 (бес жүз) миллион теңге және одан артық құрайтын өтінімдер әкімшімен келісіледі.

8. Инвестициялық салымдар кезіндегі шығындарды өтеуді көздейтін шараларды қоспағанда, инвестициялық субсидиялау басқа мемлекеттік қолдау шараларымен қатар жүргізіледі.

9. Инвестициялық субсидиялар оларға қатысты тарату, оңалту немесе банкроттық рәсімдері басталған, сондай-ақ жеделдетілген оңалту рәсімдерін қоспағанда, "Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметтері уақытша тоқтатылған инвесторларға берілмейді.

2-тарау. Инвестициялық субсидияларды алушылар

10. Инвестициялық субсидиялау осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген жобалардың паспорттары бойынша жүзеге асырылады және инвестициялық жобаны іске асыру орны бойынша жүргізіледі.

11. Инвестициялық субсидиялау электрондық өтінім берілген жылға дейін екі жылдан ерте емес пайдалануға берілген инвестициялық жобалар бойынша ұсынылады. Субсидиялауға:

1) инвестициялық жоба пайдалануға берілетін күнге дейін 24 (жиырма төрт) айдан ерте емес сатып алынған;

2) инвестициялық жоба пайдалануға берілетін күнге дейін 36 (отыз алты) айдан ерте емес жасалған техника және/немесе жабдық жатады.

12. Егер жобалардың паспорттары бойынша тек жабдықты және/немесе техниканы сатып алу көзделсе, онда өтінім берілетін жылға дейін үш жылдан ерте емес жасалған, екі жылдан ерте емес сатып алынған жабдық және (немесе) техника субсидиялауға жатады.

3-тарау. Субсидиялар алу шарттары

13. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) өтінімді "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде беру.

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы мен субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

2) өтінімді субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеу.

Инвесторда субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде жеке шоты болса, ол өтінімді субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеуді өз бетінше жүзеге асыруға құқылы, бұл жағдайда өтінім беру талап етілмейді;

3) өтінімнің осы Қағидаларға 6-қосымшада көрсетілген жобалардың паспорттарына, сондай-ақ осы Қағидалардың инвестициялық субсидиялау талаптарына сәйкестігі;

4) инвесторда деректері субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимыл жасауының нәтижесінде расталған субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде жеке шотының болуы;

5) № 1, № 2, № 4, № 18, № 19 жобалардың паспорттары үшін, инвесторда субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен және "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік дерекқорымен ақпараттық өзара іс-қимыл жасауының нәтижесінде расталған тиісті алқапта жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығымен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесінің (лерінің) болуы.

Өтінім ауыл шаруашылығы кооперативінен берілген жағдайда ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелерінде тіркелген ауыл шаруашылығы алқаптарының жиынтық алқабы ескеріледі;

6) № 5, № 6, № 9 жобалардың паспорттары үшін, инвесторда субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру бойынша дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимыл жасауының нәтижесінде расталған ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының тиісті санының (ірі қара мал бойынша 15 (он бес) айдан жоғары, ұсақ мал бйынша 12 (он екі) айдан жоғары) болуы.

Өтінім ауыл шаруашылығы кооперативінен берілген жағдайда ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелерінде тіркелген ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының жиынтық саны ескеріледі.

Жобалар паспорттарында көрсетілген ауыл шаруашылығы жануарларының басын ірі қара малдың шартты басына ауыстыру коэффициенттері осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады;

7) инвестордың техниканы және/немесе жабдықты және/немесе автомобильдерді сатып алғаны субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің ауыл шаруашылығы техникасының мемлекеттік тізілімімен және/немесе "Автомобиль" дерекқорымен ақпараттық өзара іс-қимыл жасауы арқылы расталуы;

8) тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің электрондық шот-фактуралармен сатып алынғаны субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимыл жасауы арқылы расталуы.

4-тарау. Субсидияны есептеу тәртібі

14. Инвестициялық субсидиялар осы Қағидалардың 34-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жаңа өндірістік қуаттылықтарды пайдалануға берілгеннен және/немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейткеннен және/немесе техника мен жабдықтарды сатып алынғаннан кейін төленеді. Инвестициялық жобаның кезегін немесе қосу кешенін пайдалануға беру жолымен оны іске асырған жағдайда кезегі немесе қосу кешені субсидияланады.

15. Инвестициялық субсидияларды есептеу іс жүзінде салынған инвестициялар бойынша жүзеге асырылады. Шығындарды өтеу пайызы жобалар паспорттарында көзделген өтеу үлесіне сәйкес белгіленеді. Өтеу үлесі, осы Қағидалардың 16-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзгертуге жатпайды.

16. Жергілікті бюджеттен қосымша бөлінетін субсидиялар есебінен мынадай жобалардың паспорттары бойынша өтеу үлесін 35%-ға дейін арттыруға жол беріледі:

№ 1 "Ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу" - негіздемелерін көрсете отырып, облыстардың аумақтарын дамыту бағдарламаларында көзделген техникалардың басым түрлері мен жабдықтар бойынша;

№ 7 "Ірі қара малды бордақылауға арналған объектілерді құру және кеңейту" - жаңа технологияларды және/немесе цифрландыру элементтерін қолданатын инвестициялық жобалар бойынша;

№ 10 "Сүтті бағыттағы ірі қара малды өсіруге арналған қуаттылығы 400 бас аналық мал басынан басталатын объектілерді құру және кеңейту" - жаңа технологияларды және/немесе цифрландыру элементтерін қолданатын инвестициялық жобалар бойынша

17. Инвестициялық субсидиялардың мөлшері мынадай формула бойынша айқындалады:

$A = B \times B$, мұнда:

A – инвестициялық субсидиялардың сомасы;

B – іс жүзінде салынған инвестициялар сомасы немесе жобалардың паспорттарында көрсетілген субсидияларды есептеуге арналған ең жоғары жол берілетін құн (егер іс жүзінде салынған инвестициялар субсидияларды есептеуге арналған ең жоғары жол берілетін құннан артық болса);

B – жобалардың паспорттарында көрсетілген пайыздық мәндегі инвестициялық салымдарды өтеу үлесі.

Өлшем бірлігіне субсидиялауды көздейтін жобалардың паспорттары бойынша субсидиялардың мөлшері мынадай формула бойынша айқындалады:

$A = (B \times B) \times \Gamma$, мұнда:

A – инвестициялық субсидиялардың сомасы;

B – іс жүзінде салынған инвестициялар сомасы немесе жобалардың паспорттарында көрсетілген субсидияларды есептеуге арналған ең жоғары жол берілетін құн (егер іс жүзінде салынған инвестициялар субсидияларды есептеуге арналған ең жоғары жол берілетін құннан артық болса);

B – жобалардың паспорттарында көрсетілген пайыздық мәндегі инвестициялық салымдарды өтеу үлесі;

Γ – жобалардың паспорттарында көрсетілген өлшем бірлігі.

18. № 11, № 12, № 25, № 32, № 33, № 34, № 35, № 36, № 37, № 38, № 39 жобалардың паспорттары бойынша инвестициялық субсидиялар екі траншпен:

1) бірінші транш объектіні пайдалануға бергеннен кейін инвестициялық субсидиялардың жалпы сомасынан 50 % мөлшерінде;

2) екінші транш бизнес-жоспарда көзделген мерзімдерде өнім өндіру көлемі кемінде 30 %-ға жеткеннен кейін инвестициялық субсидиялардың жалпы сомасынан 50 %-ы мөлшерінде төленеді.

5-тарау. Субсидиялар төлеу тәртібі

19. Өтінімдерді қабылдау инвестициялық жобаны іске асыру орны бойынша тиісті жылдың 1 ақпанынан бастап 1 желтоқсанға дейін (қоса алғанда) тиісті жылы инвестициялық субсидиялауға арналған міндеттемелерден бос қаражаттың (бұдан әрі – Бос бюджет) болуына байланысты жүзеге асырылады.

Тиісті жылдың 1 шілдесіне дейін Бос бюджеттің 60 (алпыс) %-ы № 1, № 2, № 3, № 4, № 5, №6, № 7, № 8, № 9, № 10, № 11, № 12, № 13, № 14, № 15, № 16, № 17, № 18, № 19, № 20, № 21, № 22 жобалардың паспорттарын субсидиялауға пайдаланылады.

Егер тиісті жылдың 1 шілдесіне дейін резервке қойылған лимит игерілмесе, онда өтінімдерді қабылдау көрсетілген лимитті қолданбастан жалғасады.

20. Пайдалануға берілмеген инвестициялық жобалар бойынша инвестор өз қалауымен өтінімді екі кезеңмен бере алады. Бірінші кезеңде жұмыс органы инвестордың осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы шешім қабылдайды. Екінші кезеңде жұмыс органы инвестициялық субсидияларды төлеу/төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

21. Пайдалануға берілген инвестициялық жобалар бойынша, сондай-ақ нақты сатып алынған техника мен жабдықтар бойынша өтінімдер екі кезеңді рәсімдерді қолданбай қаралады.

22. Бірінші кезең бойынша жұмыс органының шешімін алу үшін инвестор осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "электрондық үкімет" веб-портал арқылы өтінім береді, оған инвестордың ЭЦҚ-сы қойылып, өтінімде көрсетілген қажетті құжаттар "PDF (Portable Document Format)" форматында (инвестор қол қойған және мөрімен (бар болса) растаған қағаз нұсқаның сканерленген көшірмесі) қоса беріледі.

23. Екінші кезеңде (жұмыстар аяқталғаннан кейін) инвестор "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматында (инвестор қол қойған және мөрімен (бар болса) растаған қағаз нұсқаның сканерлеген көшірмесі) мынадай растау, құқық белгілеу және/немесе тіркеу құжаттарын қоса бере отырып, осы Қағидаларға 4-қосымшаға нысан бойынша өтінім береді:

1) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңның 73-бабының 2-тармағына сәйкес "Объектіні пайдалануға қабылдау актісінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 234 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15141 болып тіркелген) бекітілген нысан (бұдан әрі - пайдалануға қабылдау актісінің нысаны) бойынша инвестициялық жоба объектісін пайдалануға қабылдау актісінің (жаңа өндірістік қуаттылықтар құру немесе жұмыс істеп

тұрғандарын кеңейту кезінде) немесе инвестициялық жобаның қосу кешенін немесе кезегін пайдалануға беру актісінің (Қағидалардың 14-тармағынада көрсетілген жағдайлар бойынша) көшірмелері;

2) сатып алушы мен жеткізуші арасындағы жабдықтарды пайдалануға беру актісінің көшірмесі (жабдықтар сатып алу кезінде);

3) жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға не жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге арналған инвестициялық салымдарды растайтын, сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша сатып алу-сату шарттарының, электрондық шот-фактуралардың көшірмелері;

4) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңның 60-бабына және 9-1-тарауына сәйкес жобалар сараптамасының оң қорытындысы бар жобалық-сметалық құжаттама көшірмелері (олар бойынша жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес субсидиялау көзделген жобалардың паспорттары бойынша);

5) ауыл шаруашылығы техникасын, арнайы техника мен технологиялық жабдықтарды қабылдап алу-беру актілерінің көшірмелері;

6) қаржы институттарында тартылған қаражат есебінен инвестициялық салымдар жүзеге асырылған жағдайда, қаржы институты растаған кредиттік/лизингтік шарттар көшірмелері;

7) инвестор осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес екінші траншты алуға өтінім берген жағдайда "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматында (қағаз нұсқасының сканерленген көшірмесі) растайтын құжаттарды (бизнес-жоспар, дайын өнімді өткізу бойынша электрондық шот-фактуралар) қоса тіркейді. Бизнес-жоспарда мәлімделген өндірілген өнім көлемін растау үшін мамандар тобы/сараптама ұйымы, дара кәсіпкерлерді қоспағанда, осы тармақшада көрсетілген құжаттардың, сондай-ақ екінші кезеңде инвестордың өтінім берген сәтінің алдындағы тоқсан үшін инвестордың "Өнеркәсіп және қоршаған орта статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 15 қарашадағы № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16060 болып тіркелген) бекітілген "Кәсіпорынның өнім (тауар, қызмет) өндіру және жөнелту туралы есебі" (коды 151103128, индексі 1-П, кезеңділігі тоқсандық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанының негізінде дайындалатын өндірістік қуаттылықтардың жүктемесіне қол жеткізілгені туралы қарап өндірілген өнім көлемі кемінде 30 %-ға жеткені туралы тексеру актісін жасайды.

24. Жұмыс органы инвестор өтінімін тіркеген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ЭЦҚ-ны пайдалана отырып тиісті хабарламаға қол қою арқылы оның қабылданғанын растайды. Аталған хабарлама инвестордың жеке кабинетінде қолжетімді болады.

25. Өтінім бірінші кезеңде берілген жағдайда жұмыс органы 2 (екі) жұмыс күні ішінде инвестициялық жобаның осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы шешім қабылдайды.

26. Осы Қағидалардың 24-тармағында көзделген мерзімдер инвестициялық субсидия сомасы 500 (бес жүз) миллион теңге және одан астам болатын инвесторлардың өтінімдеріне қолданылмайды. Бұл жағдайда, жұмыс органы 1 (бір) күн ішінде осы Қағидалардың талаптарына сәйкес инвестор ұсынған барлық құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, келісім алу үшін әкімшіге сұраным жолдайды.

Әкімші өтінімді алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде инвестициялық жобаны іске асырудың салалық орындылығы немесе орынсыздығы туралы жауап береді. Әкімшінің жауабы субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматында (қол қойылған қағаз нұсқаның сканерлеген көшірмесі) ұсынылады. Әкімші инвестициялық жобаны іске асырудың салалық орындылығы туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, жауап сараптамалық ұйымның/мамандар тобының жеке кабинеттеріне түседі.

Әкімші инвестициялық жобаны іске асырудың салалық орынсыздығы туралы теріс шешім қабылдаған жағдайда, жауап бас тарту қалыптастыру үшін жұмыс органының жеке кабинетіне түседі.

27. Өтінім екінші кезеңде берілген және тіркелген кезде өтінім сараптамалық ұйымның немесе мамандар тобының жеке кабинеттеріне түседі.

Сараптамалық ұйым немесе мамандар тобы инвестордан өтінім түскенде 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 4-тармағының 1) және 2) тармақшаларда көзделген жұмыстарды жүргізеді және жобаның жобалық-сметалық құжаттарға сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы өзінің электрондық қорытындысын (бұдан әрі - қорытынды) дайындайды және оған өз ЭЦҚ-сын қояды.

28. Субсидия беруден бас тарту "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Инвестициялық субсидияларды беруден бас тарту шешімді жұмыс органы субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде сараптамалық ұйымның немесе мамандар тобының қорытындысы немесе әкімшінің хаты негізінде (осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес), сондай-ақ инвестициялық жобаның және/немесе ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидалармен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі анықталған кезде қорытынды алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

29. Өтінімді қарастырудың нәтижелері туралы мәліметтер инвестордың жеке кабинетіне жолданады және веб-порталда көрсетіледі.

30. Даулы мәселелер болған кезде, жұмыс органы сараптамалық ұйымға ауыл шаруашылығы саласындағы тиісті мамандарды не тәуелсіз сарапшыларды тартуды тапсырады. Бұл шарт сараптамалық ұйымның қызметтер көрсетуіне арналған шартта көзделген қаражат шеңберінде орындалады.

31. Жұмыс органы оң шешім қабылдаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жұмыс органы мен инвестор арасында осы Қағидаларға 9, 10-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша ЭЦҚ қойылған, субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда жасалған инвестициялық субсидиялау шартына және сатып алынатын жабдықты, техниканы мақсатты пайдалану және иеліктен шығармау туралы келісімге қол қойылады.

32. Инвестициялық субсидиялау шарты инвесторға қаражат аудару тәртібі мен талаптарын, субсидиялау нысанасын 3 (үш) жыл ішінде иеліктен шығармау, жұмыс органының инвестор қызметіне мониторинг жүргізу талаптарын және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес инвестициялық субсидиялау шартында көзделген өзге де талаптарды көздейді.

33. Инвестициялық субсидиялар сомасын жұмыс органы инвестордың есеп шотына немесе инвестордың келісімімен инвестордың негізгі борышын өтеу есебіне қаржы институтына аударды.

6-тарау. Тартылған қаражат есебінен инвестициялық салымдар бойынша инвестициялық субсидиялаудың жекелеген шарттары

34. Инвестор жабдықты/техниканы кредитке/лизингке сатып алуды жоспарланған жағдайда инвестициялық субсидияларды қаржы институтының арнайы шотына аванстық төлеммен аударуға жол беріледі.

Субсидияларды қаржы институтының арнайы шотына аванстық төлеммен аудару тетігін қолдануға арналған өтінімді жұмыс органы екі кезеңді рәсімді қолданбай қарайды.

Бұл ретте, № 1, № 2, № 3, № 4, № 6, № 9, № 13, № 14, № 18, № 19 жобалардың паспорттары шеңберінде қаралатын өтінімдер бойынша инвестициялық субсидияларды қаржы институтының арнайы шотына аванстық төлеммен аудару тетігін қолдану орындылығын инвестор айқындайды, бұл инвестициялық субсидиялауға арналған өтінімде көрсетіледі.

№ 5, № 7, № 8, № 10, № 11, № 12, № 15, № 16, № 17, № 20, № 21, № 22, № 23, № 24, № 25, № 26, № 27, № 28, № 29, № 30, № 31, № 32, № 33, № 34, № 35, № 36, № 37, № 38, № 39 жобалардың паспорттары шеңберінде қаралатын өтінімдер бойынша инвестициялық субсидияларды қаржы институтының арнайы шотына аванстық төлеммен аудару тетігін қолдану орындылығын жұмыс органы айқындайды.

35. Инвестициялық субсидияларды арнайы шотына алу үшін инвестор осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім береді және қаржы институтының кредиттік комитетінің оң шешімінің қаржы институты растаған көшірмесін "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматында (қаржы институты қол қойған және мөрімен (бар болса) растаған қағаз нұсқаның сканерленген көшірмесі) қосымша береді.

Жұмыс органының оң шешімі алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыс органы, қаржы институты және инвестор арасында осы Қағидаларға 11-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша үшжақты шарт және қаржы институтының арнайы шоттағы инвестициялық субсидияларды пайдаланбауы туралы келісім жасалады, ол ЭЦҚ қойылып, субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда жасалады. Бұл ретте қаржы институты арнайы шотқа алынған инвестициялық субсидиялардың қаражатын осы Қағидалардың 36, 37-тармақтарында көрсетілген шарттарды уақытылы орындалғанға дейін пайдаланбайды.

36. Қаржы институты кредит беру жолымен инвесторды қаржыландырған жағдайда, жұмыс органының оң шешімі мен арнайы шотқа қаражат алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде инвесторға кредит беруді жүзеге асырады және растайтын құжаттарды, кредит шартының көшірмесін ЭЦҚ-мен "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматында (қол қойылған және қаржы институтының мөрімен (бар болса) расталған қағаз нұсқаның сканерленген көшірмесі) субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне жүктейді.

37. Қаржы институты лизингке беру жолымен инвесторды қаржыландырған жағдайда, жұмыс органының оң шешімі мен арнайы шотқа қаражат алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қаржылық лизинг шартының көшірмесін ЭЦҚ-мен "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматында (қол қойылған және қаржы институтының мөрімен (бар болса) расталған қағаз нұсқаның сканерленген көшірмесі) субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне жүктейді.

Қаржы институты үшжақты шартқа және қаржы институтының арнайы шоттағы ақшаны пайдаланбауы туралы келісімге қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 180 (жүз сексен) күннен артық емес мерзімде жұмыс органына лизинг нысанасын қабылдап алу-беру актісін және лизинг нысанасының түпкілікті құнын айқындау жөніндегі лизинг шартына қосымша келісімді "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматында (қол қойылған және қаржы институтының мөрімен (бар болса) расталған қағаз нұсқаның сканерленген көшірмесі) қоса бере отырып, субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде ЭЦҚ-мен қол қойылған, инвесторға техника мен жабдықты жеткізуді аяқтағаны туралы электрондық хабарлама жолдайды.

Егер лизинг нысанасының нақты құны оның бастапқы құнынан аз болса (оның негізінде жұмыс органының шешімімен инвестициялық субсидиялар аванстық төлеммен аударылса), онда субсидиялаудың ақпараттық жүйесі субсидияларды қайта

есептейді, айырмашылық сомасын (арнайы шотқа аударылған артық қаражатты) анықтайды және қаржы институты мен жұмыс органына хабарлама жолдайды.

Қаржы институты жұмыс органынан хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен артық емес мерзімде жұмыс органының есеп шотына қаражатты хабарламада көрсетілген мөлшерде қалпына келтіреді.

Лизинг нысанасының нақты құны бастапқы құнынан асатын инвесторлардың өтінімдері бойынша субсидияларды қайта есептеу жүзеге асырылмайды.

38. Қаржы институты 36-тармақта (кредит беру жолымен инвесторды қаржыландырған жағдайда) немесе 37-тармақта (техниканы және (немесе) жабдықты лизингке беру жолымен инвесторды қаржыландырған жағдайда) көзделген шарттарды орындамаған жағдайда, қаржы институты 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыс органы арнайы шотқа аударған қаражатты толық көлемде қалпына келтіреді. Бұл ретте, ағымдағы қаржы жылы жүргізілген төлемдерді қайтару орындалмаған міндеттемелер сомасын ұлғайту және бюджеттік шығыстар сыныптауышының тиісті кодтары бойынша кассалық шығыстарды азайту жолымен жұмыс органының кассалық шығыстарын қалпына келтірумен жүзеге асырылады. Өткен жылдардағы төлемдер қайтарылған жағдайда қайтару сомасы төлемақы жүргізілген тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

39. Арнайы шотқа аударылған қаражатты қаржы институты инвесторға инвестициялық субсидия беру туралы жұмыс органының оң хаттамалық шешімінің негізінде, инвестициялық жоба шеңберінде жабдықтар мен техниканы сатып алуға пайдаланылған кредит/лизинг бойынша инвестордың негізгі борышын өтеу есебіне есептейді.

7-тарау. Дайын жобалардың лизингі бойынша субсидиялау

40. Жаңадан пайдалануға берілген өндірістік кешенді лизингке сатып алған (дайын объектінің лизингі) кезде инвестор осы Қағидаларға сәйкес лизинг алушы бола алады. Өтінім берілетін күнге дейін 12 (он екі) айдан ерте емес пайдалануға берілген кешен жаңадан енгізілген өндірістік кешен болып табылады.

41. Инвестор дайын объектілердің лизингі бойынша инвестициялық субсидиялар алу үшін мынадай растайтын құжаттарды "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматында (инвестор қол қойған және мөрімен (бар болса) растаған қағаз нұсқасының сканерленген көшірмесін) қоса бере отырып, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім береді:

1) инвестор, лизинг беруші және объектіні сатушы арасындағы үшжақты келісімнің көшірмесі;

2) сатушы мен лизинг беруші арасында жасалған объектіні сатып алу-сату шартының көшірмесі;

3) қаржы институты растаған объектінің лизинг шарты;

4) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңның 73-бабының 2-тармағына сәйкес пайдалануға қабылдау актісінің нысаны бойынша инвестициялық жоба объектісін пайдалануға қабылдау актісінің (жаңа өндірістік қуаттылықтар құру немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту кезінде) немесе инвестициялық жобаның қосу кешенін немесе кезегін пайдалануға беру актісінің (Қағидалардың 14-тармағынада көрсетілген жағдайлар бойынша) көшірмелері;

5) жабдықты және/немесе инвестициялық объектіні пайдалануға беру актісінің көшірмесі;

6) сатушының инвестициялық жобаны іске асырған кездегі инвестициялық салымдарын растайтын сатып алу-сату, шарттарының, шот-фактураларының көшірмелері;

7) жабдықты қабылдау-беру актілерінің көшірмелері;

8) жобаға бизнес-жоспардың көшірмесі;

9) Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңның 60-бабына және 9-1-тарауына сәйкес жобалар сараптамасының оң қорытындысы бар жобалық-сметалық құжаттама көшірмесі (олар бойынша жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес субсидиялау көзделген жобалардың паспорттары бойынша);

Дайын объектілер лизингін субсидиялау шеңберінде техниканы сатып алуды субсидиялау жүзеге асырылмайды.

8-тарау. Қорытынды ережелер

42. Инвестициялық субсидиялау мониторингін жұмыс органы субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде мынадай өлшемшарттар бойынша және мынадай мерзімдерде жүзеге асырады:

1) субсидиялау сәтінен бастап 3 (үш) жыл ішінде инвестордың сатып алынған техника мен жабдықтарды иеліктен шығармауы және мақсатты пайдалануы;

2) Жобалар паспорттары тізбесінің № 11, № 12, № 25, № 32, № 33, № 34, № 35, № 36, № 37, № 38, № 39 жобаларының паспорттары бойынша инвестициялық субсидиялау объектісінің пайдалануға берілген сәттен бастап күнтізбелік бір жыл ішінде жұмыс істеуі/істемеуі, инвестициялық субсидиялау объектісінің бизнес-жоспарда көзделген мерзімдерде кемінде 30% мөлшеріндегі жобалық қуатқа шығуға қол жеткізуі/қол жеткізбеуі тұрғысынан;

3) осы Қағидалардың 4-тармағының 4-бөлігіне сәйкес құрылыс-монтаждау жұмыстарын субсидиялау жүзеге асырылған инвестициялық жобалар бойынша бизнес-жоспарға сәйкес өндіргіштігі және/немесе өнімділігі және/немесе өнімді өткізу және/немесе өндірістік қуаттылықтар жүктемесі бойынша көрсеткіштерге қол жеткізуді орындау тұрғысынан;

4) субсидияларды аванстық төлеммен арнайы шотқа аудару жөніндегі тетік шеңберінде субсидияланған объектілерді пайдалануға беру (бизнес-жоспарда көрсетілген мерзімдерде), иеліктен шығармауы және мақсатты пайдалануы тұрғысынан

43. Мониторинг функцияларын жүзеге асыру үшін жұмыс органы инвестордан мониторинг шарттарын орындау үшін қажетті, осы Қағидалардың 42-тармағында көрсетілген ақпаратты сұратады.

Инвестор 10 (он) жұмыс күні ішінде жұмыс органына "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматында (қол қойылған және мөрімен (бар болса) расталған қағаз нұсқаның сканерленген көшірмесі) растаушы құжаттарды қоса бере отырып, сұратылған ақпаратты субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде береді.

44. Субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған мониторинг деректері негізіндегі талдауды жұмыс органы тексереді және келіседі.

Инвестор ол бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын субсидиялау жүзеге асырылған инвестициялық жобаның бизнес жоспарына сәйкес өндіргіштік және/немесе өнімділік және/немесе өнімді өткізу және/немесе өндірістік қуаттылықтарды жүктеу бойынша көрсеткіштерге қол жеткізбеген жағдайда жұмыс органы фактіні анықтаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы тармақта көзделген іс-қимылдарды қабылдайды. Бұл ретте, төленген субсидияларды қайтармау туралы шешім орын алған форс-мажорлық мән-жайлар (оларды инвестор болжай алмайтын және алдын ала алмайтын еңсерілмес күш мән-жайлары) салдарларының объективті факторларының негізінде қабылданады.

Инвестор сатып алынған техниканы және/немесе жабдықтарды иеліктен шығарған және/немесе мақсатты пайдаланбаған, өндіріс объектісі пайдалануға берілген сәттен бастап күнтізбелік бір жыл ішінде жұмыс істемеген немесе объект бизнес-жоспарда көзделген мерзімдерде кемінде 30% мөлшеріндегі жобалық қуатқа шықпаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвесторға қатысты тарату, оңалту немесе банкроттық, инвестордың қызметін тоқтата тұру рәсімінің фактісі белгіленген жағдайда, жұмыс органы инвестициялық субсидияларды қайтару туралы шешім қабылданған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде сот талқылауына және қаражаттың қайтарылуына бастамашылық жасайды.

Жұмыс органы инвестициялық субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылданған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шешімнің себебін көрсете отырып, инвесторды жазбаша хабардар етеді.

4. Жер учаскелері туралы мәліметтер (жобалардың паспорттарында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерінің болуы туралы талап болған жағдайда):

Р/с №	Кадастрлық нөмірі	Барлық алаң, гектар	оның ішінде егістік	Нысаналы мақсаты	Жер учаскесі иесінің немесе жерді пайдаланушының БСН/ЖСН-сы
1	2	3	4	5	6

5. Ауыл шаруашылығы жануарларының болуы туралы мәліметтер (жобалардың паспорттарында ауыл шаруашылығы жануарларының болуы туралы талап болған жағдайда):

Р/с №	Сәйкестендіру нөмірі	Ауыл шаруашылығы жануарының түрі	Жынысы	Жыныстық-жас тобы	Ауыл шаруашылығы жануары иесінің атауы және БСН/ЖСН-сы
1	2	3	4	5	6

6. Инвестициялық жоба туралы мәліметтер:

сипаттамасы _____

инвестициялар сомасы _____

жоба оның есебінен іске асырылатын қаражат көзі _____

субсидиялардың есептік сомасы _____

инвестициялық жобаны іске асыру мекенжайы _____

7. Тиесілі субсидияның алдын ала есебі _____

8. Инвестор, лизинг беруші және объект сатушы арасында үшжақты келісім _____

9. Сатушы және лизинг беруші арасында жасалған объектіні сатып алу-сату шарты _____

10. Қаржы институты растаған объект лизингі шарты _____

11. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестициялық жоба объектісін пайдалануға қабылдау актісі (жаңа өндірістік қуаттылықтар құру немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту кезінде) _____

12. Жабдықты және/немесе инвестициялық объектіні пайдалануға беру актісі _____

13. Инвестициялық жобаны іске асыру кезіндегі сатушының инвестициялық салымдарын растайтын сатып алу-сату шарттары төлем құжаттары, электрондық шот-фактуралар және өзге де құжаттары _____

14. Жабдықты қабылдап алу-беру актілері _____

15. Жобаға бизнес-жоспар _____

16. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жобалар сараптамасының оң қорытындысы бар жобалық-сметалық құжаттама (олар бойынша жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес субсидиялау көзделген жобалардың паспорттары бойынша) _____

17. Жобаның толтырылған паспорты қоса беріледі.

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік

туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді және өзге ақпаратты жинауға, өңдеуге, сақтауға, шығарып алуға және пайдалануға келісім беремін.

Маған/бізге қатысты жою, оңалту немесе банкроттық рәсімдерінің басталмағандығын, сондай-ақ менің/біздің қызметім(-із) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес уақытша тоқтатылмағандығын растаймын/растаймыз.

Тексеру кезінде ұсынылған мәліметтердің сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, он жұмыс күні ішінде заңсыз түрде алынған ақшаны қайтаруды жүргізуге міндеттенемін/міндеттенеміз.

Өтініш беруші 20__ жылғы " __ " _____ сағат 00:00-де қол қойып, жіберді:
ЭЦҚ-дан алынған деректер ЭЦҚ қойылған күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама: Жұмыс органы 20__ жылғы " __ " _____ сағат 00:00-де қабылдады: ЭЦҚ-дан алынған деректер ЭЦҚ қойылған күні мен уақыты

Инвестициялық салымдар
кезінде агроөнеркәсіптік кешен
субъектісі шеккен шығыстардың
бір бөлігін өтеу бойынша
субсидиялау қағидаларына
7-қосымша
Нысан

20__ жылғы " __ " _____ № ____ инвестордың объектісін қарап-тексеру және өндірістік қуаттылықтардың жүктелгендігіне көз жеткізу актісі

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атауы _____

Инвестордың атауы: _____

Жоба паспортының атауы: _____

Объектінің орналасқан жері: _____

Мынадай құрамдағы:

1. _____

2. _____

инвестициялық субсидиялау мәселелері жөніндегі комиссияның 20__ жылғы _____
№ ____ шешімі негізінде құрылған мамандар тобының объектіні қарап тексеруі
барысында мыналар анықталды:

Қарап-тексерудің тұжырымдары: _____

Қарап-тексеруді жүзеге асырған адамдардың қолтаңбалары:

1. _____

(Аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

2. _____

Инвестордың (инвестор өкілінің) қолтаңбасы: _____

(_____ № ___ сенімхат)

Инвестициялық салымдар
кезінде агроөнеркәсіптік кешен
субъектісі шеккен шығыстардың
бір бөлігін өтеу бойынша
субсидиялау қағидаларына
8-қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларының басын ірі қара малдың шартты басына ауыстыру коэффициенті

Жануарлар түрлері	Ауыстыру коэффициенттері
Ірі қара мал	1
Шошқалар	0,3
Қойлар және ешкілер	0,1
Жылқылар	1
Түйелер	1

Инвестициялық салымдар
кезінде агроөнеркәсіптік кешен
субъектісі шеккен шығыстардың
бір бөлігін өтеу бойынша
субсидиялау қағидаларына
9-қосымша
Нысан

№__ инвестициялық субсидиялау шарты

_____ қаласы 2018 жылғы "___" _____

Бұдан әрі "Жұмыс органы" деп аталатын " _____ " мемлекеттік мекемесінің атынан " _____ " мемлекеттік мекемесі туралы ереже негізінде әрекет ететін басқарма басшысы _____, бір тараптан, бұдан әрі "Инвестор" деп аталатын, " _____ " атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ бірге Тараптар, ал жекелей Тарап немесе жоғарыда көрсетілгендей аталатындар, төмендегілер туралы осы Инвестициялық субсидиялау шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тарау. Жалпы ережелер

Осы Шартты жасасу үшін мыналар негіз болып табылады:

- 1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Субсидиялау қағидалары);
- 2) Жұмыс органының 201_ жылғы _____ №__ шешімі.

2-тарау. Терминдер мен айқындамалар

1) арнайы шот – осы Қағидалардың 6-тарауының шарттарына сәйкес инвестициялық субсидиялар сомасы аударылатын қаржы институтының екінші деңгейлі банктегі шоты;

2) АӨК-дегі инвестициялық жоба (бұдан әрі – инвестициялық жоба) – жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге инвестициялар салуды көздейтін іс-шаралар кешені;

3) АӨК-дегі инвестициялық салымдар (бұдан әрі – инвестициялық салымдар) – жер учаскелерін сатып алуға арналған шығындарды қоспағанда, инвестициялық жоба шеңберінде жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге, оның ішінде техника мен жабдықтар сатып алуға бағытталған шығындар;

4) АӨК-дегі инвестициялық субсидиялар (бұдан әрі – инвестициялық субсидиялар) – инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу;

5) жоба паспорты – осы Қағидаларға 1-2-қосымшасында көрсетілген инвестициялық субсидиялауға жататын құрылыс-монтаждау жұмыстары, техника, жабдық және басқа да негізгі құралдар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер түріндегі инвестициялық салымдардың тізбесі және үлесі;

6) қаржы институты – банктік операцияларды жүзеге асыру құқығына тиісті лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктер, кредиттік ұйымдар, лизингтік компаниялар, кредиттік серіктестіктер.

3-тарау. Шарттың мәні

3.1. Осы Шарттың талабы бойынша Жұмыс органы Инвестор шығыстарының бір бөлігін өтеу бойынша инвестициялық субсидиялауды мынадай шарттармен жүзеге асырады:

Жобаның паспорты (Субсидиялау қағидаларының паспортына сәйкес)
Инвестициялық жоба бойынша Инвестордың инвестициялық салымының жалпы мөлшері
Инвестициялық субсидияның мөлшері
Жұмыс органы шешімінің нөмірі
Жұмыс органы шешімінің күні

3.2. Инвестициялық субсидиялау тиісті қаржы жылына _____ облысының (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) нысаналы ағымдағы бюджет трансферті ретіндегі мемлекеттік бюджетінде көзделген қаражат есебінен және шегінде жүргізіледі.

4-тарау. Инвесторға қаражат аударудың тәртібі мен шарттары

4.1. _____ (_____) теңге мөлшеріндегі инвестициялық субсидия сомасын Жұмыс органы Инвестордың есептік шотына аударды.

4.2. Инвестициялық субсидиялау мерзімін санау осы Шарттың күшіне енген сәтінен бастап басталады.

4.3. Тараптар осы Шарт шеңберінде, егер төлем күні жұмыс емес күнге немесе мереке күнге сәйкес келсе, төлем олардан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі деп келісті.

4.4. Инвестициялық субсидия Инвесторға Субсидиялау қағидаларында жобалар паспорттарына сәйкес төленеді.

4.5. Инвестициялық субсидиялар жана, бұрын қолданылмаған техниканы сатып алуға арналған Инвестордың инвестициялық салымдары бойынша төленеді.

4.6. Барлық операциялар ұлттық валюта – теңгемен жүргізіледі.

5-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Инвестор:

- жабдықтар мен техниканы Жұмыс органын алдын ала жазбаша хабардар ету шартымен маусымдық жұмыссыз тұру жағдайында қызметтердің басқа түрлері үшін пайдалануға құқылы.

5.2. Инвестор:

- Субсидиялау қағидаларын шарттарын уақтылы және толық көлемде орындауға;

- Шарт бойынша өз уақтылы және толық көлемде орындауға;

- осы Шартты орындауға байланысты құжаттар мен ақпаратты Жұмыс органының сұратуы бойынша уақтылы ұсынуға;

- Жұмыс органына Инвестордың объектісін қарап-тексеру және өндірістік қуаттылықтардың жүктелгеніне көз жеткізу үшін қолжетімділік ұсынуға;

- өзіне қатысты жою, оңалту немесе банкроттық рәсімі басталған жағдайда, сондай-ақ, Инвестор қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уақытша тоқтатылған жағдайда, Жұмыс органын жазбаша түрде дереу хабардар етуге;

- осы Шарттың талаптары мен оны іске асыру жөніндегі ақпаратты үшінші тұлғаларға Тараптардың алдын ала жазбаша келісімінсіз бермеуге және ашпауға;

- Жұмыс органын осы Шарттың талаптарын орындауға әсер ететін барлық мән-жайлар туралы уақтылы хабардар етуге міндетті.

5.3. Жұмыс органы:

- Инвестордан инвестициялық жоба мен осы Шартты іске асыру барысы туралы барлық қажетті құжаттар мен ақпаратты сұратуға құқылы.

5.4. Жұмыс органы:

- Шарттың 3.1-тармағында көрсетілген инвестициялық субсидиялау үшін көзделген қаражатты аударуға;

- инвестордың сатып алынған техника мен жабдықты субсидиялау сәтінен бастап 3 (үш) жыл ішінде иеліктен шығармауына және мақсатты пайдалануына мониторинг жүргізуге;

- инвестициялық субсидиялау объектісінің пайдалануға берілген сәттен бастап күнтізбелік бір жыл ішінде жұмыс істегеніне/жұмыссыз тұрғанына мониторинг жүргізуге;

- инвестициялық субсидиялау объектісінің бизнес-жоспарда көзделген мерзімдерде кемінде 30% мөлшеріндегі жобалық қуатқа жеткеніне/жетпегеніне мониторинг жүргізуге міндетті.

6-тарау. Жауапкершілік

6.1. Осы Шарт бойынша Тараптар Шартқа, Субсидиялау қағидаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

7-тарау. Шарттың қолданылу мерзімі

7.1. Осы Шарт оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар өз міндеттемелерін толық көлемде орындағанға дейін әрекет етеді.

8-тарау. Форс-мажор

8.1. Тараптар, егер орындай алмау форс-мажорлық мән-жайлардың салдарынан болса, осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны, не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

8.2. Форс-мажорлық мән-жайлардың басталуынан Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындай алмаса, басталу сәтінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде екінші Тарапты осындай мән-жайлар туралы уақтылы хабардар етуі тиіс. Бұл ретте форс-мажорлық мән-жайлардың сипаты, әрекет ету кезеңі, басталу фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.

8.3. Уақтылы хабарламаған жағдайда, Тараптар екінші Тарапқа хабарламау немесе уақтылы хабарламаудан келтірілген зиянды өтеуге міндетті.

8.4. Форс-мажорлық мән-жайлардың басталуы олардың әрекет ету кезеңіне осы Шарттың орындалу мерзімін ұлғайтуға алып келеді.

8.5. Егер осындай жағдайлар қатарынан үш ай бойы жалғасатын болса, онда кез келген Тарап осы Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы.

9-тарау. Дауларды шешу

9.1. Осы Шарт шеңберінде қандай да бір қайшылықтар туындаған жағдайда, Субсидиялау қағидалары үлкен күшке ие болады. Даулар туындаған жағдайда кез келген Тарап келіссөздер арқылы барлық дауларды реттеу үшін күш салады.

9.2. Егер туындаған даулар келіссөздер арқылы шешілмеген жағдайда, осы даулар мен оған қатысты өзге де сұрақтар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі және реттеледі.

10-тарау. Хат-хабар алмасу

10.1. Осы Шарт шеңберінде Тараптардың бір-біріне жіберетін кез келген хат-хабарлары жазбаша түрде беріледі және қарау үшін осы Шартқа және Субсидиялау қағидаларына сәйкес ерекше тәртіп көзделген хат-хабарды қоспағанда, тапсыру туралы белгісі бар хат-хабарды Тараптар алған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде қаралатын болады.

10.2. Хат-хабар тиісті түрде рәсімделген жағдайда (хат-хабар бланкіде ұсынылса немесе мөрмен куәландырылса, басшының қолы қойылса және тіркеу нөмірі, күні көрсетілсе, тиісті түрде рәсімделген болып саналады), қолға табысталса, почта арқылы жеткізілсе (хабарламасы бар тапсырыс хатпен) немесе қатысушы Тараптың мекенжайына курьерлік байланыс арқылы жеткізілсе, тиісті түрде ұсынылған немесе жіберілген болып саналады.

10.3. Осы Шарттың қолданылу барысында Тараптардың жауапты адамдары ақпараттық сипаттағы хат-хабарларды екінші Тарапқа факсимилді байланыспен және/немесе электрондық почта арқылы жібере алады.

10.4. Бұл ретте жіберуші Тарап екінші Тарапқа хат-хабар жібергенін растауға міндетті. Қабылдау туралы қабылдаушы тараптың белгісімен барлық хат-хабар мәтінін қосып, факс арқылы жіберілген кезде, не жіберу дұрыс аяқталғаны жөнінде факсимилді аппараттың көшірмесі бар болса, растау тиісті түрде жүзеге асырылған болып саналады.

11-тарау. Құпиялылық

11.1. Осымен Тараптар осы Шарттың талаптарына қатысты ақпарат, банктік құпия, сондай-ақ қаржылық, коммерциялық және олар осы Шартты жасасу және орындау кезінде алған өзге де ақпарат құпия болып табылатынымен және осы Шартта, Субсидиялау қағидаларында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға жария етуге жатпайтынымен келіседі.

11.2. Тараптың құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беруі, жариялауы немесе оны өзге де жария етуі осы Шартпен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тікелей көзделген жағдайда ғана мүмкін болады.

11.3. Тараптар осы Шарттың болуы мен талаптарының құпиялылығын сақтау үшін барлық қажетті шараларды, оның ішінде құқықтық сипаттағы шараларды қабылдайды. Тараптардың лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне осы Шартты іске асыру барысында алынған мәліметтерді жария етуге не үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

11.4. Қандай да бір Тарап осы Шарттың талаптарын бұза отырып, құпия ақпаратты жария еткен не таратқан жағдайда, кінәлі Тарап осындай ақпаратты жария ету салдарынан екінші Тарапқа келтірілген зиянды өтей отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделгендей жауапты болады.

11.5. Инвестор осы Шартқа қол қоюмен Жұмыс органының бұқаралық ақпарат құралдарында Инвестор туралы мәліметтерді орналастыруына, сондай-ақ, осы Шарт аясында Инвестор туралы алынған кез келген мәліметті (оның ішінде банктік құпияны) Инвестордың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға жария етуіне келісім береді.

12-тарау. Мәлімдеу, кепілдік және келісім беру

12.1. Инвестор мыналарды мәлімдейді және кепілдік береді:

- Инвестор осы Шартта көрсетілген куәландырулар мен кепілдіктер шынайы және шындыққа сәйкес келетінін растайды;

- Жұмыс органы көрсетілген куәландырулар мен кепілдіктердің шынайылығын тексеруге міндетті емес.

12.2. Инвестор мыналарды куәландырады және кепілдік береді:

- Инвесторға, оның бизнесіне, оның қаржылық жағдайына, активтері мен өзінің міндеттемелері бойынша жауап беру қабілетіне жағымсыз әсер етуі мүмкін қандай да болмасын мән-жайлар мәлім емес;

- сондай-ақ Инвестор оның құзыреті осы Шартқа қол қоятын адамға осы Шартты жасасуға мүмкіндік беретінін растайды.

12.3. Инвестор осы Шартты жасасу кезінде осы Шартты бұзуға себеп болатын, оны жарамсыз деп танитын негіздердің жоқтығын растайды.

12.4. Инвестор барлық ақпарат, сондай-ақ берілген (ұсынылған) барлық құжаттама дәл және шындыққа сай екенін мәлімдейді және растайды.

13-тарау. Қорытынды ережелер

13.1. Осы Шарттың ережесі өзгертілуі және/немесе толықтырылуы мүмкін. Тараптар үшін тек Тараптардың келісімімен жазбаша түрде жасалған және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған өзгерістер мен толықтырулар ғана жарамды және міндетті болып танылады.

13.2. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан 2 (екі) данада жасалды.

13.3. Осы Шартпен көзделмеген барлық өзге жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

14-тарау. Тараптардың заңды мекенжайы, банктік деректемелері және қолтаңбалары

Жұмыс органы	Инвестор
Мөр (бар болса) орны	Мөр (бар болса) орны

Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларына
10-қосымша
Нысан

№__ Сатып алынатын жабдықты, техниканы мақсатты пайдалану және иеліктен шығармау туралы келісім

_____ қаласы 20_ жылғы " _ " _____

Бұдан әрі "Жұмыс органы" деп аталатын Қазақстан Республикасы _____ облысының (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) (атауы) _____ басқармасы атынан _____ №_____ негізінде әрекет ететін _____ бір тараптан және бұдан әрі "Инвестор" деп аталатын _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп Тараптар, ал жеке-жеке Тарап деп не жоғарыда көрсетілгендей аталатындар, субсидияланған сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде төмендегілер туралы осы Сатып алынатын жабдықты, техниканы мақсатты пайдалану және иеліктен шығармау туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) жасасты:

1-тарау. Осы Келісімнің нысанасы мен мақсаты

1.1. Инвестор өзіне жабдықты, техниканы қатаң түрде нысаналы мақсаты бойынша пайдалану және иеліктен шығармау, сондай-ақ субсидияланған сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде мақсатты пайдаланбағаны үшін жауапты болу міндеттемесін алады.

1.2. Осы Келісім шеңберінде қандай да бір қайшылықтар болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Субсидиялау қағидалары) үлкен күшке ие болады.

2-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Инвестор:

- Келісім бойынша өз міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындауға;
- Жұмыс органының сұранымы бойынша осы Келісімді орындаумен байланысты құжаттар мен ақпаратты тез арада беруге;
- Жұмыс органына инвестордың объектісін қарап-тексеру үшін қолжетімділік беруге;
- осы Келісімнің шарттары мен іске асырылуы туралы ақпаратты Тараптардың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермеуге және ашпауға;
- Келісімнің 1.1-тармағында көрсетілген мерзім ішінде жабдықты, техниканы иеліктен шығармауға міндетті.

2.2. Жұмыс органы:

- Инвестордан инвестициялық жоба мен осы Келісімді жүзеге асыру барысы туралы барлық қажетті құжаттар мен ақпаратты сұратуға;

3-тарау. Келісімнің қолданылу мерзімі

3.1. Осы Келісім Тараптардың қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және үш жыл бойы, ал орындалмаған міндеттемелер бөлігінде олар толық орындалғанға дейін қолданыста болады.

4-тарау. Форс-мажорлық мән-жайлар

4.1. Тараптар форс-мажорлық мән-жайлардың салдарынан орындау мүмкін болмаған жағдайда, осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны, не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

4.2. Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған кезде осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмаған Тарап олар туындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде екінші Тарапты мұндай мән-жайлар туралы уақтылы хабардар етуі

тиіс. Бұл ретте форс-мажорлық мән-жайлардың сипаты, қолданылу кезеңі, туындау фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.

4.3. Уақтылы хабардар етпеген жағдайда, Тараптар екінші Тарапқа хабардар етпеуден немесе уақтылы хабардар етпеуден келтірілген зиянды өтеуге міндетті.

4.4. Форс-мажорлық мән-жайлардың туындауы осы Келісімнің орындалу мерзімінің олардың әрекет ету кезеңіне ұлғайтылуына алып келеді.

4.5. Егер, мұндай мән-жайлар қатарынан үш айдан астам жалғасатын болса, онда Тараптардың кез келгені осы Келісім бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы.

5-тарау. Қорытынды ережелер

5.1. Осы Келісімге және Субсидиялау қағидаларына сәйкес қарау үшін ерекше тәртіп көзделген хат-хабарды қоспағанда, хат-хабар тиісті түрде ресімделсе (хат-хабар бланкіде ұсынылса немесе мөрмен (бар болса) бекемделсе, оған басшы қол қойса және оның тіркеу нөмірі, күні көрсетілсе, тиісті түрде ресімделген болып саналады), қолма-қол табысталса, қатысушы Тараптың мекенжайына почта бойынша (хабарламасы бар тапсырыс хатпен) немесе курьерлік байланыс арқылы жеткізілсе, тиісті түрде ұсынылған немесе жіберілген болып саналады.

5.2. Егер осы Келісімде өзгеше көзделмесе, осы Келісімнің шарттарын, оның ішінде осы Келісімнің қолданылу мерзімін кез келген өзгерту, тоқтату Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоятын қосымша келісімдермен ресімделеді.

5.3. Осы Келісім бойынша туындайтын барлық наразылықтар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Келісімге сәйкес білдірілуі тиіс. Бұл ретте Тараптар дауларды, наразылықтарды міндетті түрде сотқа дейінгі тәртіппен шешуге уағдаласты. Барлық жағдайларда қолданылатын заңнама Қазақстан Республикасының заңнамасы болып табылады.

5.4. Осы Келісіммен реттелмеген мәселелер 20__ жылғы _____ №__ Инвестициялық субсидиялау шартымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

5.5. Осы Келісім мемлекеттік және орыс тілдерінде Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан 2 (екі) данада жасалды.

6-тарау. Тараптардың мекенжайлары, банктік деректемелері және қолтаңбалары

Инвестор:	Жұмыс органы:

Инвестициялық салымдар
кезінде агроөнеркәсіптік кешен

Қаржы институтының арнайы шоттағы инвестициялық субсидияны пайдаланбауы туралы № ___ шарт пен келісім

_____ қаласы 2018 жылғы "___" _____

Бұдан әрі "Қаржы институты" деп аталатын _____ бір тараптан, бұдан әрі "Жұмыс органы" деп аталатын "_____ облысының (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) (атауы) _____ басқармасы" мемлекеттік мекемесі атынан мемлекеттік мекеме туралы ереже негізінде әрекет ететін басшысы _____ екінші тараптан және бұдан әрі "Инвестор" деп аталатын _____ атынан Жарғы негізінде әрекет ететін _____ үшінші тараптан, бірлесіп Тараптар деп, ал жеке-жеке Тарап деп аталатындар, төмендегілер туралы осы Қаржы институтының арнайы шоттағы ақшаны пайдаланбауы туралы шарт пен келісімді (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тарау. Жалпы ережелер

Осы Шартты жасасуға мыналар негіз болып табылады:

- 1) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;
- 2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Субсидиялау қағидалары);
- 3) инвестициялық субсидиялау мәселелері жөніндегі комиссияның шешімі (20___ жылғы _____ № _____).

2-тарау. Терминдер мен айқындамалар

- 1) АӨК-дегі инвестициялық жоба (бұдан әрі – инвестициялық жоба) – жаңа өндірістік қуаттылықтар құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге инвестициялар салуды көздейтін іс-шаралар кешені;
- 2) АӨК-дегі инвестициялық субсидиялар (бұдан әрі – инвестициялық субсидиялар) – инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу;

3) АӨК-дегі инвестор (бұдан әрі – инвестор) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес АӨК-нің басым бағыттарына (секторларына) инвестициялық салымдарды жүзеге асыратын АӨК субъектісі;

4) арнайы шот – қаржы институтының екінші деңгейлі банктегі инвестициялық субсидиялар сомалары аударылатын шоты;

5) инвестициялық субсидиялау мәселелері жөніндегі комиссияның жұмыс органы (бұдан әрі – жұмыс органы) – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың ауыл шаруашылығы басқармасы және Астана қаласының инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы;

6) қаржы институттары – банктік операцияларды жүзеге асыру құқығына арналған тиісті лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктер, микроқаржы ұйымдары, кредиттік ұйымдар, лизингтік компаниялар, кредиттік серіктестіктер.

3-тарау. Шарттың нысанасы

3.1. Қаржы институты арнайы шоттағы қаражатты жұмыс органы Субсидиялау қағидаларында көрсетілген шарттарға сәйкес инвестициялық субсидиялар төлеу (екінші кезең) туралы шешім қабылдағанға дейін пайдалана алмайды.

3.2. Арнайы шотқа инвестициялық субсидиялар алу үшін инвестор Субсидиялау қағидаларында көрсетілген құжаттармен бірге, қаржы институты кредиттік комитетінің оң шешімінің қаржы институты куәландырған көшірмесін, қаржы институтымен кредиттік шартты/лизинг шартын қосымша береді.

4-тарау. Инвестициялық субсидияларды аудару тәртібі мен шарттары

4.1. _____ (_____) теңге мөлшеріндегі инвестициялық субсидиялар сомасын жұмыс органы аванстық төлеммен қаржы институтының арнайы шотына аударады.

Қаржы институтының арнайы шотының деректемелері: _____

4.2. Барлық операциялар ұлттық валюта – теңгемен жасалады.

5-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Қаржы институты қаражаттың арнайы шотқа түскен күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде кредиттік шартта (Қаржы институты мен Инвестор арасында жасалған) көзделген қаражатты, егер, инвестор мен қаржы институты арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, жабдық сатушының шотына аударады және жұмыс органына растайтын құжаттарды береді.

5.2. Қаржы институты Субсидиялау қағидаларында көзделген шарттарды орындамаған жағдайда, қаржы институты 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыс органы арнайы шотқа аванстық төлеммен аударған қаражатты толық көлемде қалпына келтіреді.

5.3. Бұл ретте, ағымдағы қаржы жылында жасалған төлемдерді қайтару орындалмаған міндеттемелер сомасын ұлғайту және шығыстардың бюджеттік сыныптамасының тиісті кодтары бойынша кассалық шығыстарды азайту жолымен жұмыс органының кассалық шығыстарын қалпына келтірумен жүзеге асырылады. Өткен жылдардың төлемдерін қайтарған жағдайда, қайтару сомасы төлемдер жасалған тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

5.4. Арнайы шотқа аударылған қаражатты қаржы институты жұмыс органының инвесторға инвестициялық субсидиялар беру туралы оң шешімінің негізінде инвестициялық жоба шеңберінде жабдық пен техника сатып алуға пайдаланылған инвестордың кредит/лизинг бойынша негізгі борышын өтеу шотына есептейді (екінші кезең).

6-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Тараптар Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін осы Шарт бойынша жауапты болады.

7-тарау. Шарттың қолданылу мерзімі

7.1. Осы Шарт қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар Субсидиялау қағидаларына сәйкес өз міндеттемелерін толық көлемде орындағанға дейін қолданыста болады.

8-тарау. Форс-мажор

8.1. Тараптар форс-мажорлық мән-жайлардың салдарынан орындау мүмкін болмаған жағдайда, осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны, не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

8.2. Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған кезде осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмаған Тарап олар туындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде екінші Тарапты мұндай мән-жайлар туралы уақтылы хабардар етуі тиіс. Бұл ретте форс-мажорлық мән-жайлардың сипаты, қолданылу кезеңі, туындау фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.

8.3. Уақтылы хабардар етпеген жағдайда, Тараптар екінші Тарапқа хабардар етпеуден немесе уақтылы хабардар етпеуден келтірілген зиянды өтеуге міндетті.

8.4. Форс-мажорлық мән-жайлардың туындауы осы Шарттың орындалу мерзімінің олардың әрекет ету кезеңіне ұлғайтылуына алып келеді.

8.5. Егер, мұндай мән-жайлар қатарынан үш айдан астам жалғасатын болса, онда Тараптардың кез келгені осы Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы.

9-тарау. Дауларды шешу

9.1. Осы Шарт шеңберінде қандай да бір қайшылықтар болған жағдайда, Субсидиялар қағидалары үлкен күшке ие болады. Даулар туындаған жағдайда, Тараптардың кез келгені келіссөздер жолымен барлық дауларды реттеуге күш салады.

9.2. Егер, туындаған дауды келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаса, осы дау мен оған қатысты өзге де мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі және реттеледі.

10-тарау. Хат-хабар алмасу

10.1. Осы Келісімге және Субсидиялау қағидаларына сәйкес қарау үшін ерекше тәртіп көзделген хат-хабарды қоспағанда, хат-хабар тиісті түрде ресімделсе (хат-хабар бланкіде ұсынылса немесе мөрмен (бар болса) бекемделсе, оған басшы қол қойса және оның тіркеу нөмірі, күні көрсетілсе, тиісті түрде ресімделген болып саналады), қолма-қол табысталса, қатысушы Тараптың мекенжайына почта бойынша (хабарламасы бар тапсырыс хатпен) немесе курьерлік байланыс арқылы жеткізілсе, тиісті түрде ұсынылған немесе жіберілген болып саналады.

10.2. Осы Шарттың қолданылу барысында Тараптардың жауапты адамдары ақпараттық сипаттағы хат-хабарларды екінші Тарапқа факсимилді байланыспен және/немесе электрондық почта арқылы жібере алады.

10.3. Бұл ретте жіберуші Тарап екінші Тарапқа хат-хабар жібергенін растауға міндетті. Қабылдау туралы қабылдаушы тараптың белгісімен барлық хат-хабар мәтінін қосып, факс арқылы жіберілген кезде, не жіберу дұрыс аяқталғаны жөнінде факсимилді аппараттың көшірмесі бар болса, растау тиісті түрде жүзеге асырылған болып саналады.

11-тарау. Құпиялылық

11.1. Осымен Тараптар осы Шарттың талаптарына қатысты ақпарат, банктік құпия, сондай-ақ қаржылық, коммерциялық және олар осы Шартты жасасу және орындау кезінде алған өзге де ақпарат құпия болып табылатынымен және осы Шартта,

Субсидиялау қағидаларында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға жария етуге жатпайтынымен келіседі.

11.2. Тараптың құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беруі, жариялауы немесе оны өзге де жария етуі осы Шартпен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тікелей көзделген жағдайда ғана мүмкін болады.

11.3. Тараптар осы Шарттың талабы мен құпиялылығын сақтау үшін құқықтық сипаттағы шараларды қоса барлық қажетті шараларды қабылдайды. Тараптардың лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне осы Шартты іске асыру барысында алынған мәліметтерді жария етуге не үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

11.4. Қандай да бір Тарап осы Шарттың талаптарын бұза отырып, құпия ақпаратты жария еткен не таратқан жағдайда, кінәлі Тарап осындай ақпаратты жария ету салдарынан екінші Тарапқа келтірілген зиянды өтей отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделгендей жауапты болады.

11.5. Инвестор осы Шартқа қол қоюмен Оператордың бұқаралық ақпарат құралдарында Инвестор туралы мәліметтерді орналастыруына, сондай-ақ, осы Шарт аясында Инвестор туралы алынған кез келген мәліметті (оның ішінде банктік құпияны) Инвестордың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға жария етуіне келісім береді.

12-тарау. Қорытынды ережелер

12.1. Осы Шарттың ережесі өзгертілуі және/немесе толықтырылуы мүмкін. Тараптар үшін тек Тараптардың келісімімен жазбаша түрде жасалған және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған өзгерістер мен толықтырулар ғана жарамды және міндетті болып танылады.

12.2. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан 3 (үш) данада жасалды.

12.3. Осы Шартпен көзделмеген барлық өзге жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

13. Тараптардың заңды мекенжайы, банктік деректемелері және қолдары

Жұмыс органы:	Қаржы институты:	Инвестор:

Инвестициялық салымдар
кезінде агроөнеркәсіптік кешен
субъектісі шеккен шығыстардың
бір бөлігін өтеу бойынша
субсидиялау қағидаларына

11-қосымша

Нысан

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге арналған субсидиялардың игерілуі туралы есеп

Есептік кезең: 20__ жылғы _____
(ай/жыл)

Индекс: № 1-ИС нысаны

Нысанды бекіткен бұйрықтың (қаулының) күні мен нөмірі: "Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі №317 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 17320 болып тіркелген).

Кезеңділігі: ай сайын, жыл сайын

Ұсынатын тұлғалар шеңбері: облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың ауыл шаруашылығы басқармасы және Астана қаласының инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы

Қайда ұсынады: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Ұсыну мерзімі: ай сайын - есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-інен кешіктірмей;
жылдық есеп - есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей.

20__ жылғы " __ " _____

Мемлекеттік органның атауы _____

Субсидиялар атауы _____

Есеп кезеңі _____

Жоғары тұрған бюджеттен алынған қаражат сомасы _____

(бюджеттік бағдарламаның атауы)

(бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) коды)

Р/с №	Инвестордың атауы	Инвестордың ЖСН/БСН	Жоба параметрлері				
			Ж о б а паспорттының атауы	Өндірістік көрсеткіштер (өндірістік қуат)			
				ағымдағы	жобалық қуатқа шыққан кезде		
			заттай мәнде, тонна	құндық мәнде, мың теңге	заттай мәнде, тонна	құндық мәнде, мың теңге	
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

--	--	--	--	--	--	--	--

Тұрақты жұмыс орындарының саны	Жобаның жалпы құны, мың теңге		Өтеу үлесі, %	Төленген субсидиялар сомасы, мың теңге	Пайдалануға берілген күні, күні/айы/жылы	Комиссия шешімінің күні және нөмірі, күні/айы/жылы
	барлығы	оның ішінде субсидиялауға жататыны				
9	10	11	12	13	14	15

Әкім _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Бірінші басшы – төмен тұрған бюджеттің

бюджеттік бағдарламалары

әкімші _____

_____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

Мөр (бар болса) орны

"Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге арналған субсидиялардың игерілуі туралы есеп" нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме

1. Осы түсіндірме инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге арналған субсидиялардың игерілуі туралы есеп нысанының толтырылуын нақтылайды.

2. Есептің 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

3. 4-бағандағы деректер Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларына 1, 2-қосымшаларға сәйкес толтырылады.

4. 2-бағанда инвестордың атауы көрсетіледі.

5. 3-бағанда инвестордың ЖСН/БСН көрсетіледі;

6. 5, 6, 7, 8-бағандарда инвестордың статистикалық есептілігі және заттай және құндық мәнде өндірілген өнімдерді түрлері бойынша өткізуді растайтын бастапқы құжаттар негізіндегі кәсіпорынның өндірістік қуаты көрсетіледі.

7. 9-бағанда тұрақты жұмыс орындарының саны көрсетіледі;

8. 10, 11-бағандарда жобаның барлық жалпы құны, оның ішінде субсидиялауға жататыны көрсетіледі.

9. 12-бағанда инвестициялық жобаның паспортына сәйкес өтеу үлесі көрсетіледі.

10. 13-бағанда төленген субсидиялар сомасы көрсетіледі.

11. 14-бағанда инвестициялық жобаны пайдалануға енгізу күні көрсетіледі.

12. 15-бағанда комиссия шешімінің күні мен нөмірі көрсетіледі.

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ